



*Ашық сабақ*

*8 «А»*

*сыныбы*

## Сабақтың тақырыбы:

Мағжан Жұмабаев “Түркістан” өлеңі.

## Сабақтың мақсаты:

**а) Білімділік:** М.Жұмабаевтың өмірі туралы білімдерін оқушы есінде қайта жаңғыртып, тереңдете түсу.

**ә) Дамытушылық:** Өлең жайлы алған білімдерін әр түрлі тапсырмалар арқылы жүйелеу, ойланып тиянақты жауап беруге дағдыландыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту;

**б) Тәрбиелілік:** Шығарманы оқыту арқылы өз елін, жерін сүюге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.



# Сабақтың барысы

- ❖ Ұйымдастыру кезеңі
- ❖ Психологиялық дайындық  
    Үй тапсырмасын сұрау
- ❖ Қызығушылықты ояту
- ❖ Мағынаны тану
- ❖ Ой толғаныс
- ❖ Сабақты бекіту
- ❖ Қорыту
- ❖ Үйге тапсырма беру

Бағалау



## Психологиялық дайындық.

*Көзді жұмып жақсы нәрселер  
ойлаңыздар. Өздеріңізге және  
бір-бірлеріңізге сәттілік және  
жақсы көңіл-күй тілеңіздер.  
Көздеріңізді ашып, бір-  
бірлеріңізге күле қараңыздар.*



# Үй тапсырмасын сұрау



**Мағжан Жұмабаев**

—  
**қазақтың бес  
арысының бірі,  
халқымыздың от  
жалынды, зор  
талантты  
ақыны.**


**(1893-1938)**



*Қазақ әдебиетінің  
бес арысы*



# Сөзжұмбақ шешу





Мазжан Жұмбаевтың “Түркістан” әлегі



*Түркістан – екі дүние есігі ғой.  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой...*

ТҮРКІСТАН



# *Түсіндірме сөздік*

*Екі дүние есігі -осы дүние мен о дүниенің түйіскен жері, қасиетті жер деген мағынада*

*Несібі – байлығы*

*Тұран – түркілердің астанасы*

*Алаш – қазақ, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, түрік-мен, әзірбайжан, татар, т.б.*





*Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – орта ғасырлық сәулет өнерінің үздік асылы болып табылады. Бұл теңдессіз сарайлар кешені 30 әр түрлі бөлмелер мен залдардан тұрады. Негізгі күмбездің сыртқы диаметрі – 40 м жоғары, дөңгелек – 130 м, мұнараның биіктігі – 12 м.*

# *Көне Түркістан*



# *Қазіргі Түркістан*



*Түркістан қала/ң  
батысында, 27 ша-  
қырым жерде орна-  
ласқан Қарнақ елді  
мекенінде, сирек  
кездесетін асыл  
металдардың қоспа-  
сынан құйылған.  
Тайқазанның салмағы  
екі тонна, сыйым-  
дылығы үш мың литр.*



# "Түркістан" өлеңіндегі тарихи ұлы тұлғалар



Әл-Фараби



Абылай хан



Әбуғали Ибн Сина



Ақсақ Темір

islam.com.kz



Есім хан



Ұлықбек



Шыңғыс хан





*Бұл Тұран – ежелден - ақ  
алаш жері,  
Тұрансыз тарқамаған  
алаш шері.  
Тұранның топырағында  
тыныштық тапқан  
Алаштың арыстаны –  
Абылай ері..*


*Абылай хан, Әбілмансұр  
(1711-1781) –қазақ ханы,  
ұлы мемлекет қайраткері,  
қолбасшы және дипломат.*



*Арыстан елге Отан  
болған Тұран,  
Тұранда қазағым да  
хандық құрған.  
Қазақтың қасқа жолды  
Қасым ханы  
Тұранның талай жерін  
билеп тұрған.*



*(1445 -1518 )  
Қасым хан мен Қазақ  
хандығының негізін салған  
Әз Жәнібектің ұлы.*



## Кесте толтыру

Жылдар	Болған оқиға
<b>25 маусым</b>	Солтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы "Молодежный" кеңшарының аумағы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл жағасында дүниеге келді
<b>1905-1910 ж</b>	Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М.Бегішевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды.
<b>1909 ж</b>	Баспадан шыққан Абай өлеңдерін оқып, «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазды..
<b>1910-1913 ж.</b>	Уфа қаласындағы "Ғалия" медресесінде білім алды.
<b>1913-1916 ж</b>	Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды.
<b>1923-1926</b>	Мәскеудің әдеби көркем институтында оқыды
<b>1913ж.</b>	Қазан қаласында “шолпан” атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді.
<b>1927 ж</b>	Елінде оқытушылық қызметпен айналысады
<b>1925ж</b>	“Алқа” әдеби үйірме ұйымдастырады
<b>1936ж</b>	Концлагерьден босанып шығады
<b>1937 ж</b>	Озбыр топтың қолына түседі
<b>1938 ж 19.03</b>	“халық жауы деп жала жауып, атып тастайды.
<b>50 жылдан кейін</b>	Ақын аты елімен, жерімен, ұрпақтарымен қайта қауышты

# *Бес жолды өлең*

*1. Зат есім*


*2. Сын есім*

*3. Етістік*

*4. Сөйлем*

*5. Синоним*

## ТЕСТ

1. Мағжан Жұмабаев нешінші жылы туды?
    - а) 1858-1931
    - б) 1893-1938
    - в) 1845-1904
  2. М.Жұмабаев нешінші жылы мұғалімдер семинариясына түсті?
    - а) 1916
    - б) 1913
    - в) 1915
  3. М.Жұмабаевтың әкесінің аты кім?
    - а) Абай
    - б) Бекен
    - в) Сүйінбай
  4. Қай өлең Мағжан Жұмабаевтікі?
    - а) сұраншы батыр
    - б) түркістан
    - в) жанас ақыға
  5. М.Жұмабаев нешінші жылы қайтыс болды?
    - а) 1937
    - б) 1939
    - в) 1938
- 

*Үйге тапсырма:*

*“Түркістан”*

*Өлеңінен үзінді жаттау*

